

**«Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ» КММ
2024-2025 оқу жылындағы ұйымдастырушы-педагогтың қыркүйек айында өткізген
іс-шаралар анықтамасы**

2024-2025 оқу жылының тамыз айында ұйымдастырушы- педагогтың жұмыс жоспары құрылып, мектеп директорымен бекітілді.



1 қыркүйек күні «Мектеп – мейірім мекені» тақырыбында салтанатты жиын өткізілді. Салтанатты жиында 1 және 11 сынып оқушылары мен мектеп ұстаздары қатысты. Мектеп алаңы мерекеге сай безендіріліп, шараның бағдарламасы құрылды. Мектебіміздің ардагер ұстаздары қадірлі қонағымыз болып қатысып, білім алушыларға баталарын берді. 1 сынып оқушысы Базарбай Е. алғашқы қоңырауды соғу мәртебесіне ие болып, бағдарламаға сәйкес басқа да мектебіміздің оқушылары өз өнерлерін көрсете білді.

https://www.instagram.com/reel/C_X2OYxg5CM/?igsh=MTluNTlwOWx3Mzdaw==



Қыркүйек айының үшінші аптасы «Аналар күні» мерекесіне орай мектебіміздің оқушылары аналарға құрмет көрсетіп, көңіл-күйлерін көтеру мақсатында «Анаға алғыс!» атты челлендж ұйымдастырды. Аналарың қуантуды жөн көрген оқушылар өз қолдарымен тәттілерден гүл шоқтарын жасады. Әр бір оқушы белгіленген уақытта аналарының қай жерде болатынын біліп, барлық ұйым мүшесі сол аталған орынға барып, әнші Қазыбек Құрайыштың «Ана» атты әнін шырқады. Тосың – сыйға таң қалған аналар балаша қуанып, көздеріне жас алып, оқушыларға алғыстарын білдірді.



https://www.instagram.com/reel/C_X2OYxg5CM/?igsh=MTluNTlwOWx3Mzdaw==

https://www.instagram.com/reel/C_3bOeEggzb/?igsh=aHdtM211Mm1sa3M3

https://www.instagram.com/p/C_1e51-AM_c/?igsh=dm83bTdxMG1wYjJy

Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша қыркүйек айы- “Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік” айы болып белгіленген. Осыған орай ұйымдастырушы- педагогтың ұйымдастыруымен оқушылар мектеп ауласында сенбілік жұмыстарын жүргізіп, белсенділік танытты.

Мектеп ауласында сенбілік жұмыстарын жүргізу арқылы оқушыларды тек еңбекқорлықтың ғана емес, сонымен қатар қоршаған ортаны таза ұстаудың маңыздылығын түсінді. Бұл тәжірибе оларға өз еңбектерінің нәтижесін көруге және мектеп өміріне белсенді атсалысуға мүмкіндік берді.



https://www.instagram.com/reel/C_zYYPPoaPk/?igsh=MjViaGgzc28waG9l

Орындаған: А.С.Қалиева